

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**  
**Мамыр айы 2023 жыл 1 апта**

*Ақсаулы: С.А.*

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                          | Дүйсенбі<br>01.05.2023                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Сейсенбі<br>02.05.2023                                                                                                                                                                                                           | Сәрсенбі<br>03.05.2023                                                                                                                                       | Бейсенбі<br>04.05.2023                                                                                                                            | Жұма<br>05.05.2023                                                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                | Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Жайлы жағдай жасап, әр баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау<br><b>(Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                              |
| Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру                                                                                              | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Мамыр айында болатын демалыс күндер туралы ақпарат беру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                              |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Шағын ойып орталықтарында олардың еркін ойындарын ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.<br><br><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)</b> | Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өзкалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b><br>Балалармен жеке жұмыс. | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br><b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)</b> | Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(көркем әдебиет)</b><br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Балалармен жеке жұмыс.<br><b>(танымдық іс-әрекет)</b> |
| Таңертеңгі жаттығу                                                                                                                | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және нығайту.<br><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                              |
| Таңғы ас                                                                                                                          | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Асханада кезекшілердің міндеттерін орындату. Шамасы келетін бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. <b>(танымдық іс әрекет)</b><br>Мәдениетті тамақтану және ас ішу құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. |                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                              |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                              | Шаттық шеңбері<br>«Таңғы тілек» балалардың бір-біріне жақсы тілек айтуын қалыптастыру. Жаңа сөздер ендіру. Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                              |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.</p> <p>Достық туралы не біледі? Достықтың түрлері? Достық қарым қатынас туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.</p> |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  | <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Санамақ жаттау.</p> <p><b>Топ, топ, добым</b></p> <p>Топ, топ, добым домалақ. Қайда кеттің домалап?</p> <p>«Бір, екі»,-деп, екі ұрдым, Терезеге секірдің.</p> <p>«Үш, төрт, бес»,-деп үлгердім.</p> <p>Ішіне ендің гүлдердің.</p> <p>«Алты, жеті,-дегенде, Жаттың шоршып еденде.</p> <p>«Сегіз, тоғыз, он»,-дедім. Енді ырқыма көнбедің.</p> <p>Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап?</p> <p><i>Ғалым Океев</i></p> <p>Жаңылтпашты айтқызу</p> <p>Такпақ жаттап.</p> <p>Айтсақ жақсы-ақ.</p> <p>Жатқа такпақ.</p> <p>Жаттатақ-так.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Қазақ халқының би өнері мен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте</p> | <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Ересектің белгісі мен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; гимнастикалық қабырға мен өрмелеу; алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру;</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны</p> | <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Достық қарым қатынасты нығайтудың әдіс тәсілдері тақырыбында еркін әңгіме жүргізу.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Таныс бикимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш</p> | <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Жұмбақ шешу, Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік құмбезі. (Аспан)</p> <p>Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (Күн)</p> <p>Алып кілем Гүлгетолы Үстікілен. (Жер)</p> <p>Айтыс өнеріне баулу, айтысты тыңдату не туралы екенін анықтату.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Сағаттың түрлерімен таныстыру. Сағатты тани білуін жетілдіру. Нүктелерді, өрнектерді Дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған</p> |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен тән күйлерімен</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b><br/> Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтар мен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b><br/> Ұжыммен бірге жұмыс істету. Міндеттерді өзара келісіп орындату. «Достарымызбен ойнайтын ойыншықтар» тақырыбында сурет салғызу. Екі немесе одан көп бала ойнай алатын ойыншықтарды бейнелеуді</p> | <p>дамыту. Жаңылтпаштарды естеріне түсіріп айтқызу.</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атату. Күн тізбемен және карточкалармен ойындар ойнату. Нүктелер мен өрнектерді дәптердің төркөзінде сызуға үйрету.</p> | <p>түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b><br/> Өз Отанын жақсы көру, оны қорғауды, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіндіру. Ұлы Отан соғысы жылдарында отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің-Кенес Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы айтып, оларды құрметтеуді үйрету. Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсіндіру. Мерекелерге белсенді қатыстыру.</p> | <p>жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/> қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, г, н, һ дыбыстарын таныту, осы дыбыстарлантұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Тіл ұстартуларды қайталату.</p> |
|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |              |              |              |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------|--------------|
|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <p>ұйымдастыру.</p> <p>Достар туралы ертегілерді естеріне түсіру, кейіпкерлерін мүсіндету. Ертегілермен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрудағыларын жетілдіру.</p> <p>Достық туралы ертегі желісі бойынша сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын бере білуді жетілдіру.</p> <p>«Біздің балабақша» тақырыбында құрастыру. Құрастырылған құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуды дамыту.</p> |              |              |              |
| Серуенге дайындық | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылыстарын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Үйдегі балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (<b>Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моторикасы дамыту</b>).</p> <p>Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |              |              |              |
| Серуен            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Картотека №1                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Картотека №2 | Картотека №3 | Картотека №4 |

|                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                              |                                                                |                                                      |  |
|-------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|--|
| Серуеннен оралу                                             | Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға киімдерін бүктеп қоюды, қолды жууды жетілдіру. Шешіну кезінде шкафқа қолготки, сырт киімді ұқыпты салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. <b>(көркем әдебиет, дербес, еңбек әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                              |                                                                |                                                      |  |
| Түскі ас                                                    | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу аяқтағанда алғыс айту)<br><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b><br>Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.                                                                                                                                |                                                              |                                                                |                                                      |  |
| Күндізгі ұйқы                                               | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылату, қол-аяғын жуу, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру.<br>Киім-түймелерін, сырмаларын өздігінен ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды қалыптастыру. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Тыныш ұйықтау үшін жайлы баяу музыка тыңдату. «Құмырсқа» ертегісін және кітаптардан басқа да ертегілер оқып беру <b>(көркем әдебиет)</b>                                                                                                                                                                                                   |                                                              |                                                                |                                                      |  |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары                  | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар)<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасымен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b><br>Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b> |                                                              |                                                                |                                                      |  |
| Бесін ас                                                    | Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру.<br>Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                              |                                                                |                                                      |  |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру. | Қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауды ұйымдастыру. | «Достықтың белгілері» тақырыбында композиция жасату. |  |

